

Кушербаева С.Ш., Алжанов Е.А.*

а/ш.ғ.к., аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІНДЕ ЖЕРСІНДІРІЛГЕН ҚАРАМАТАУ ҮЛГІЛЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АЗЫҚТЫҚ ӨНІМДІЛІГІ

Автор корреспондент: ericaljanov@mail.ru

Түйін: Екпе жайылымдар құрамына басты орын алатын малазығындық өсімдіктер қатарына қараматау түрлері жатады. Қараматау түрлері көптеген шаруашылық және агротехникалық көрсеткіштері бойынша жайылым шөптерінің арасында өзіндік орны бар дақыл. Оның өсімдіктері топырақ түрін талғай бермейді. Бір егілген егістігі көп жылдар бойы малға жұғымды азық береді. Сол себепті ылғалмен қамтамасыз етілмеген тәлімі аймақта қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктердің бірі қараматаудың кең таралған түрлерінің биологиялық ерекшелігі мен шаруашылық құндылығын анықтау болып отыр.

Лессинг қараматауы қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктер қатарына жатады. Суыққа, тұзға төзімді, бірақ құрғақшылыққа бейімділігі төмендеу. Құмды топырақты қаламайды. Оңтүстік Қазақстанның тау бөктері жазығында саздақты топырақта жақсы өседі. Бүгінде екпе жайылым үшін Отрар сорты аудандастырылған. Өсімдіктері тік, биіктігі 80-90 см жетеді. Гүлшоғы масақ. Жемістері түкті, майда келеді. Дәні қарақоңыр, мың данасының салмағы 0,7-0,8 г.

Кілт сөздер: Лессинг қараматауы, қуаңшылық аймақ, жайылым, экология, экономика, вегетациялық, тау бөктері, тұқымның өнуі

Кіріспе. Түркістан облысының аса кең жайылымдық жері бар және мал шаруашылығының жемшөп жөніндегі қажетінің басым бөлігін сол жерлер қамтамасыз етуде. Облыстың барлық жайылымдарын: биік таудағы, тау етегі мен бөктеріндегі және жазықтағы жайылымдар деп төрт табиғи-шаруашылыққа бөлінеді. 9,1 млн гектарға жуық жайылымның 90% жуығы мал басы мол шоғырланған тау етегі мен бөктеріндегі және жазық шөлде жатыр. Олардың өнімі гектарына 1,5-3,0 центнерден аспайды. Қуаңшылық жылдары бұл аймақтағы өсімдіктер мүлде қурап, өнімділігі түсіп кетеді. Оның үстіне су көздерінің тапшылығына байланысты көп алқаптар пайдаланбайды десек те болады. Ал, суарылған жайылым алқаптарында мал тым көп шоғырландырылып, жайылымдары сарқа пайдаланылуда. Әсіресе, кейінгі жылдары бұл мәселе тым күрделеніп кетті. Өйткені малдың басым бөлігі жұртшылық шаруашылығында. Ол малдар ауыл маңайынан алыс өріске бара алмауда. Мұның өзі жайылымдары демалыссыз пайдалануға әкеліп соғуда. Нәтижесінде пайдалы малазығындық өсімдіктер түрлері сиреп, жайылымдық жерлер тоза бастады. Осыған орай «Агробизнес-2020» бағдарламасында жайылымдық жерлерді суландыру, екпе жайылымдар жасау мәселері қаралған.

Екпе жайылымдар құрамына басты орын алатын малазығындық өсімдіктер қатарына қараматау түрлері жатады. Қараматау түрлері көптеген шаруашылық және агротехникалық көрсеткіштері бойынша жайылым шөптерінің арасында өзіндік орны бар дақыл. Оның өсімдіктері топырақ түрін талғай бермейді. Бір егілген егістігі көп жылдар бойы малға жұғымды азық береді. Сол себепті ылғалмен қамтамасыз етілмеген тәлімі аймақта қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктердің бірі қараматаудың кең таралған түрлерінің шаруашылық құндылығын анықтау болып отыр.

Теориялық талдау. Лессинг қараматауы қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктер қатарына жатады.

Лессинг қараматауы - *Camphorosma lessingii* Litw алабұта тұқымдасына (*Chenopodiaceae* Less.) жататын жартылай бұта.

Лессинг қараматауы Ресейдің еуропалық бөлігінің, Кавказ, Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Моңғолия, Батыс Қытайдың далалы шөл-шөлейт аймақтары мен тау, тау бөктері аудандарында кездеседі. Сор және сортаң жердің айналасында, құмның тақырланған жерлерінде және тұзды топырақта өседі.

Суыққа, тұзға төзімді, бірақ құрғақшылыққа бейімділігі төмендеу. Құмды топырақты қаламайды. Оңтүстік Қазақстанның тау бөктері жазығында саздақты топырақта жақсы өседі. Бүгінде екпе жайылым үшін Отрар сорты аудандастырылған. Өсімдіктері тік, биіктігі 80-90 см жетеді. Гүлшоғы масақ. Жемістері түкті, майда келеді. Дәні қарақоңыр, мың данасының салмағы 0,7-0,8 г. Өнгіштік қабілеті ізен дәні сияқты тез төмендейді. Көктемде наурыз айының ортасында өскін береді, шілде - тамыз айларында гүлдейді, қазанда піседі. Өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы 195-205 күн. Өсімдіктерінің биіктігі 80-90 см жетеді.

Тәжірибелік бөлім. Қараматау үлгілерін тау бөктерінде және жазық шөлде салыстырмалы сынау нәтижесі олардың өсіп-дамуының біркелкі емес екендігін көрсетті (1-кесте).

«Бақтыөлең» тәжірибе жайында Сырдариямаңы жазығының БТ-14 үлгісінің өсімдіктері шілде айында бойлары 54,8 см жетсе, Атырау аймағынан алынған БТ-823 үлгісінің бойы 37,6 см болған. Тамыз айында тиісінше 58,8 және 45,6 см құраған.

Кесте-1. Қараматау үлгілерінің өсіп-дамуы

Тәжірибе жайы	Каталог нөмірі	Өсімдік бойлары, см	
		шілде	тамыз
Бақты өлең	БТ-14	54,8	58,8
	БТ-823	37,6	45,6
Физиологиялық кешен	БТ-14	67,0	80,6
	БТ-823	80,4	89,4

Нәтижелер мен талқылаулар. Тау бөктерінде БТ-14 үлгісінің бойы айларға сәйкес 67,0 және 80,6 см, ал БТ-823 үлгісінікі – 80,4 және 89,4 см болған. Демек, Атырауда өсетін үлгі оңтүстіктің тау бөктері жағдайына жақсы бейімделгенін көрсетіп отыр. Жазық шөлдің аптап ыстығына бұл үлгі төзімсіздеу келетінін байқатты.

Үлгілердің сабақтану және өсімділігін анықтау нәтижесі жоғарыдаалынған көрсеткіштерді нақтылай түсті(2-кесте).

Кесте-2. Қараматау үлгілерінің сабақтануы және азықтық өнімділігі

Тәжірибе жайы	Каталог нөмірі	Бір түптегі сабақ саны, дана	Азықтық өнімділігі, ц/га	
			Көк балауса	құрғағы
Бақты өлең	БТ-14	13	18,0	58,8
	БТ-823	9	13,5	45,6
Физиологиялық кешен	БТ-14	17	230	11,3
	БТ-823	22	290	14,8

Тау бөктері жағдайында екі үлгінің де сабақтануы және азықтық өнімділігі жоғарылауда. Атыраудан алынған үлгінің бір түптегі сабақ саны 22 дана болса, Сырдариямаңы жазығының 17 дана, ал азықтық өнімділігі тиісінше 11,3 14,8 ц/га құрады.

Осылайша, алынған мәліметтер Оңтүстіктің жазық шөлдің сортаңдау жерлерінде жергілікті БТ-14 үлгісін, ал тау бөктерінде Атырау үлгісін өсірген тиімді екені

анықталды. Жайылымдар мен шабындықтардың сипатына және жағдайына, шаруашылықты интенсификациялау дәрежесіне қарай жайылымдарды жақсартудың әр түрлі тиімді әдістері бар. Біз бұрынғы қазақтың Қаракөл шаруашылығы институтының ғылыми деректері бойынша, құмды және топырақты жайылымдарды жақсартуға сегіз жылда жұмсалған іс жүзіндегі тікелей шығындарды тұжырымдағанда, жайылымдарды түбегейлі жақсарту мақсатында көп жылдық шөптер – қараматауды – гектарына есепкенде 10 – 12 центнер, ізенді- гектарына 12-14 және теріскенді – гектарына есепкенде орта есеппен 8 – 10 центнерден пішендер алынып, соларды еккен дұрыс екендігін анықталды. Мұндай жайылымдарды пайдаланудың мерзімі ұзартылса, мал азығы тіпті арзандайды. Мұның өзі алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға, түлікке жұмсалатын барлық шығынның 20 проценттен 30 процентке дейін пайдалана отырып жоғары өнімді мал өсіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Бір жерде он жылдан он бес жылға дейін өсетін әрі қуаншылыққа аса төзімді ізенді, теріскенді, қараматауды қолдан егу тәжірибесі егер бұл өсімдіктердің өнуіне қолайлы жағдай жасалса, әр гектарда 40 мыңнан 80 мыңға дейін өсімдік өсіруге болатындығын көрсетіп берді. Бұл табиғи жайылымдардағыдан үш-төрт есе көп. Сонымен бірге, аталған шөптерді белгілі маусымдарда, мысалы көктем мен күзде пайдаланылатын жайылымдарға ексе, саулықтар мен төлді жайып – бағуға пайдалы азығы мол жайылым болады. Мұндай жағдай табиғи жайылымдарды белгілі мерзімдерде пайдаланылатын жайылымдарға және шабындықтарға айналдыру мүмкіндігін туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сейткәрімов А. Қазақстанның оңтүстік шөл аймағында мал азықтық өсімдіктерді жерсіндірудің ғылыми негіздері және практикалық нәтижелері // Ауыл шаруаш. ғылым д. докторы ғылыми дәреже алу үшін дайынд. Дисс. Автореферат.- Қазақстан Республикасы, Алматы, 2006. 48 б.

2 Сейткәрімов Ә., Төреханов А.Ә., Исмаилов Б.Ә. Шөл аймақта малазығындық өсімдіктерді жерсіндіру. Алматы, 2008. 280 б.

3 Шамсутдинов З.Ш. Достижения и современная стратегия развития селекции кормовых культур в России // Актуальные вопросы животноводства и растениеводства. Алматы; 2011. С.146-457.

Аннотация: Пастбища аридной зоны юга Казахстана являются основным источником корма для пустынного животноводства. Однако в связи с бессистемным использованием продуктивность и кормовая ценность их постоянно снижается. Поэтому улучшение сбитых угодий посевом новых кормовых культур имеет особую актуальность. В этом деле еще мало внимания уделяется видам, среди которых большое значение имеет комфоросма.

В различных экологических условиях аридной зоны Южного Казахстана получены новые достоверные данные, характеризующие биолого-экологические особенности комфоросмы и разработаны основные приемы его выращивания.

Результаты работы изучения биологических особенностей и хозяйственной ценности комфоросмы на равнинной пустыне и полуобеспеченной богаре предгорий позволило научно обосновать возможности обогащения, имеющегося набора культур новыми его видами, определить параметры роста и развития и выявить потенциальную продуктивность видов комфоросмы разработать дифференцированные технологии их выращивания применительно к экологическим условиям Юга Казахстана.

Ключевые слова: Лессинг, засушливая зона, пастбища, экология, экономика, вегетация, предгорья, өнуі семян

Abstract: Actuality is the pastures of aridzone of South - Kazakhstan appeared the main source of stern/sodder for uninhabited of stock breeding.

However in connection with unsystematic using productivity and their sternal value descend constantly.

Therefore improvement knocked down or bad of land with sowing/crops newer. Sterner culture has particular actuality. In this work has devoted a little attention to Indian types, among which

Comphorosma Lessingii litw has a big meaning.

Is in different ecological conditions aridzone of the South – Kazakhstan had got new reliable facts, have been characterized biology ecological especially of Comphorosma Lessingii litw and had cultivated the main him reception. Thesis for a master degree of agricultural sciences.

Results of work study of biological peculiarities and household values of Salsola species in flat desert and half-provide fields of foothills allow to determinate parameters of grow and developm ent and reveal the potential productiveness of Comphorosma Lessingii worked – out individual technologies of their growing in reference to invironmental conditions of South-Kazakhstan region.

Keywords: Lessing karamatau, drought zone, pasture, ecology, economy, vegetation, foothills. seed germination